

Ақсу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қантардағы № 22 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 31 қантарда № 4517 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 09 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақсу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Ақсу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Ақсу ауданы әкімдігінің интернет- ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Амандос Акишевич Сабырбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

А. Далбагаев

Ақсу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "15" қантар "Ақсу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № 22 қаулысына қосымша

Ақсу ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебедің түрлері мен тәртібі және оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебедің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебеу мәселелерін қамтамасыз етуге қатысатын, Ақсу ауданының Ішкі істер бөлімінің ұсынысы бойынша, Ақсу ауданының әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелебеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелебеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Ішкі істер бөлімі бастығының бүйрығы шығарылады.